

**«Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы»
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша
салыстырма кесте**

Р/с №	Құрылымдық бөлігі	Заңнамалық актінің редакциясы	Жобаның редакциясы	Ұсынылып отырған өзгерістің немесе толықтырудың редакциясы	Өзгерістің немесе толықтырудың авторы және оның негіздемесі	Бас комитеттің шешімі. Негіздеме (қабылданбаған жағдайда)
1-БАП						
1.	1-баптың 1) тармақшасы <i>Заңның 9-бабы 1-тармағының 8) тармақшасы</i>	9-бап. Саяси партияның жарғысы 1. Саяси партияның жарғысында мыналар болуға тиіс: ... 8) депутаттыққа және мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарындағы өзге де сайланбалы қызметтерге саяси партиядан кандидаттар (кандидаттар тізімін) ұсыну тәртібі; ...	1) 9-баптың 1-тармағының 8) тармақшасында «депутаттыққа және мемлекеттік билік органдары» деген сөздерге дейін «осы Заңның талаптары ескеріле отырып,» деген сөздермен толықтырылсын;	1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын: «1) 9-баптың 1-тармағының 8) тармақшасы «депутаттыққа» деген сөздің алдынан «осы Заңның талаптарын ескере отырып,» деген сөздермен толықтырылсын; »;	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Заң техникасы.	Қабылданды
2.	1-баптың 3) тармақшасы	Жоқ.	3) мынадай мазмұндағы 15-1-баппен толықтырылсын:	3) мынадай мазмұндағы 15-1-баппен толықтырылсын:	Депутаттар Козлов Е.А. Имашева С.В. Әлімжанов Н.Б. Еспаева Д.М.	Қабылданды

	<i>Заңның жаңа 15-1-бабы</i>		«15-1-бап. Саяси партиядан депутаттыққа кандидаттарды ұсыну ерекшеліктері Саяси партия депутаттыққа кандидаттардың партиялық тізімдерін бекіту кезінде оларға кандидаттардың жалпы санының кемінде отыз проценті жиырма тоғыз жасқа толмаған адамдардың және әйелдердің қатысуын қамтамасыз етеді.»	«15-1-бап. Саяси партиядан депутаттыққа кандидаттар ұсыну ерекшеліктері Саяси партия депутаттыққа кандидаттардың партиялық тізімдерін бекіткен кезде оларға кандидаттардың жалпы санының кемінде отыз пайызы көлемінде әйелдер мен жиырма тоғыз жасқа толмаған адамдарды енгізеді.»	Қайназаров У.А. Қоңыров А.О. Сейдуманов С.Т. Сұлтанов Қ.С. Редакциясын нақтылау.	
3.	1-баптың 3) тармақшасы <i>Заңның жаңа 15-1-бабы</i>	Жоқ.	3) мынадай мазмұндағы 15-1-баппен толықтырылсын: «15-1-бап. Саяси партиядан депутаттыққа кандидаттарды ұсыну ерекшеліктері Саяси партия депутаттыққа кандидаттардың партиялық тізімдерін бекіту кезінде оларға кандидаттардың жалпы санының кемінде отыз	3) тармақшадағы «депутаттыққа» деген сөз « Парламент Мәжілісі, мәслихат депутаттығына » деген сөздермен ауыстырылсын;	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Қаралып отырған Заңның мазмұнына, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 87 және 103-баптарына сәйкес редакциясын нақтылау.	Қабылданды

			проценті жиырма тоғыз жасқа толмаған адамдардың және әйелдердің қатысуын қамтамасыз етеді.».			
--	--	--	--	--	--	--

Заң жобасының мәтіні «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңының нормаларына сәйкес келтірілсін.

**Заңнама және сот-құқықтық реформа
комитетінің төрағасы**

Н. Әбдіров



*Дұрыс. Бұл жобата қамтамасыз ету
бөлімінің саясат негіздерін
майыс Н. Майысбаев.*